

**Қазақстан Республикасының білім және ғылым  
министрлігі  
Министерство образования и науки Республики Казахстан  
Манаш Қозыбаев атындағы  
Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті  
Северо-Казахстанский государственный университет  
им. М.Козыбаева**

**Қазақстан мен СҚО-ның экологиялық  
мәселелері**

*/Ұсынылған библиографиялық көрсеткіш/*

**Экологические проблемы Казахстана и СҚО**

*/Рекомендательный указатель литературы/*

**Петропавл, 2013**

## **Оқырманға**

Ұсынылып отырған көрсеткіш бүгінгі күннің өзекті мәселесі – Қазақстан Республикасында және Солтүстік Қазақстан облысындағы экологиялық мәселелерге арналған. Көрсеткіште республикадағы және облыстағы қазіргі экологиялық жағдайға қысқаша шолу жасалған.

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті ғылыми кітапханасының қорындағы 10 жыл аралығында әдебиеттер тізімі берілген.

Көмекші құрал оқытушыларға студенттерге және көпшілік оқырман қауымға арналған.

## Қазақстан экологиялық мәселелері

«Біз табиғатты терең зерттеуден тек ой ғана емес, іс те туындауын қалаймыз».

А.Е. Ферсман

Қазақстанда 1990 жылдан бастап табиғат пайдалануды экономикалық әдістермен басқаруға бағытталған экологиялық саясат қалыптаса бастады. Әсіресе табиғат ресурстарын пайдаланғаны және қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдер экономикалық механизмі қолданыла бастады. Ластаушы заттарды шығарушы көздерді тіркеу жұмыстары жүргізіліп, жергілікті басқару орындарының табиғат қорғау мен оның ресурстарын пайдалануды бақылау жөнінде рөлі арттырылды.

Қазақстан өзінің тұрақты даму мен экологиялық қауіпсіздікті қолдайтынын әрдайым дәлелдеп келеді. Ядролық қаруы бар мемлекеттер арасында бірінші болып олардан бас тартты. БҰҰ қоршаған орта жөніндегі (Рио-92) конференциясының қорытынды құжаттарына қол қойды, климаттың өзгеруі, тақырлануымен күрес, биологиялық әртүрлілікті сақтау жөніндегі маңызды халықаралық конвенцияларға қосылды, Орхус және Еуропа экономикалық трансшекаралық конвенциясын бекітті.

Территориясының көлемі жағынан Қазақстан әлемде 9-ші орында. Республиканы солтүстіктен оңтүстікке қарай кесіп өтер болсақ, әртүрлі климаттық аймақтарды кездестіруге болады.

Қазақстан территориясында ірі әлемдік космодром – Байқоңыр орналасқан, өкінішке орай, ядролық сынақтарды сынаған Семей полигоны да бар. Арал теңізі негізгі экологиялық апат және әлеуметтік-экономикалық мәселе эпицентрі болып отыр. Сумен қамтамасыз ету және оның сапасы Қазақстанда алаңдатушылық туғызуда және орнықты даму үшін Ұлттық жоспарда қоршаған ортаны қорғаудың негізгі бағыттарының бірі.

Сәулеленуге ұшырау мәселелері Қазақстан территориясында бұрынғы Одақтың ядролық полигондарының болуына байланысты дамып жатыр. Сондай-ақ, тазаланбаған өнеркәсіп қалдықтарының көптеп бөлінуі де үлкен экологиялық қиыншылықтар туғызуда. Сонымен қатар, топырақ пен ландшафтардың деградацияға ұшырауы (республиканың 60%-нан астам жері шөлденуге ұшыраған), су ресурстарының жетіспеуі (сумен қамтамасыз ету жөнінде Қазақстан ТМД елдерінің ішінде соңғы орында), елдегі су айдындарының экологиялық мәселелері, елді мекендердегі атмосфералық ауа мен топырақтың ластануы, биологиялық әртүрліліктің азаюы да өзекті мәселелер болып отыр.

Қазақстандағы экологиялық мәселелер (барлық мәселелердің жіктелуін қоршаған ортаға тигізетін әсеріне байланысты бірнеше топтарға бөлуге болады:

1. Ғаламдық экологиялық мәселелер (барлық мәселелердің нәтижесінде болатын климаттың жылынуы, парниктік эффект, озон қабаты және т.б.);

2. Ұлттық экологиялық мәселелер (Арал, Семей аймақтары, шөлдену, биологиялық әртүрлілік мәселелері және т.б.);

3. Су ресурстарының азаюы және ластануы, сондай-ақ Каспий теңізі шельфіндегі ресурстарды игеруге байланысты мәселелер;

4. Әскери-космостық және сынақ полигондарының әсері. Осыған байланысты қоршаған ортаға әсер ететін радиоактивті, бактериологиялық және химиялық ластану;

5. Жергілікті экологиялық мәселелер (ауа-су бассейндерінің ластануы, өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтар, топырақ экологиясы және т.б.):

6. Тарихи ластану;

7. Траншекаралық экологиялық мәселелер;

8. Табиғат және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар.

Қазіргі таңда су объектілері тау-кен өндіретін кәсіпорындармен, металлургиялық және химиялық өнеркәсіп

орындарымен, қалалардың коммуналдық қызметтерінің арқасында ластану қарқынды жүріп, экологиялық қауіп төндіруде. Ертіс, Нұра, Сырдария, Іле өзендері, Балқаш көлі қатты ластанған. Халықты ішетін сумен қамтамасыз етудегі негізгі су көзі болып табылатын жер асты сулары да ластануға ұшыраған.

Каспий теңізі бассейніндегі елдердің көмірсутекті ресурстарды кеңінен игеру теңіз және жағалау экожүйелеріне әсердің масштабын үлкейтуде.

Осы мәселелер Арал теңізі мәселесіне қатысты болғандықтан, оған тоқтала кету керек. Аралдың тартылуынан пайда болған аралқұм шөлі Қарақұм және Қызылқұм шөлдерімен қосылып, осыдан бар болғаны 150-200 мың жыл бұрын өсімдіктер жабынына бай болған Сахара шөлімен бәсекеге түсетін түрі бар.

Арал теңізіне келіп құятын екі ірі өзен суының теңізге құйылу мөлшері күрт азайды, яғни XX ғасырдың 80-ші жылдары жыл сайынғы теңізге құятын судың мөлшері 60 км<sup>3</sup> құраса, ғасыр соңында бұл көрсеткіш не бары 4 км<sup>3</sup> болды. Нәтижесінде акватория 30%-ға қысқарып, жағалау 90 километрге шегінді. Теңіздегі су көлемі 60%-ға азайып, судың орташа ащылығы 2,5 есеге артты. Кепкен теңіз түбінен көтерілген тұзды шаңдар үлкен қашықтыққа таралуда. Жылына шамамен 50-60 млн. тонна тұзды шаң ауаға көтеріліп, көптеген шақырым жердегі мақта мен күріш алқаптарына зардабын тигізуде.

Экологиялық жағдайдың бұлай нашарлауы онсыз да климаты континенталды Арал өңіріне ауыр тиюде. Суғармалы жерлер қажетті инженерлік суғару желісімен жабдықталмаған, тиімді дренаж (су сіңгіштігі) жоқ. Сондықтан тұздануға жол бермеу үшін суғару нормасын көбейту керек. Сондықтан бұл аймақтағы экологиялық жағдайдың әсерінен эпидемиологиялық жағдай нашарлап, адамның тіршілік етуіне қауіп туғызуда. Бұл қауіпті азайтудың бірден-бір жолы – суғаруға жұмсалатын судың мөлшерін азайту.

Арал теңізі Балқаш көлі сияқты үлкен тұйық су айдындары антропогендік әсерге ұшырап жатыр. Нәтижесінде олар ластанып, деңгейлері төмендеп, ақыр соңында біртұтас табиғи кешен болудан қалады. Бұл балық шаруашылығына, климаттық өзгерістерге алып келеді. Бұған Арал теңізі мысал бола алады.

Арал теңізінің деградацияға ұшырауы XX ғасырдың 60-шы жылдары Сырдария мен Амурдария өзендеріндегі судың көп бөлігін Өзбекстан мен Қазақстандағы мақта және күріш алқаптары үшін пайдаланудан басталды.

Арал теңізінің апатқа ұшырауына себеп болған факторларға:

- жергілікті жердің тарихи-табиғи ерекшеліктерін ескермеу;

- ауыл шаруашылығын дұрыс жоспарламау, судың қорын есепке алмау;

- суды өте көп қажет ететін күріш, мақта өндірісін барынша көбейту;

- табиғат ресурстарын пайдалануда жіберілген қателіктер мен оны меңгерудің ғылыми тұрғыдан негізделмеу себептері жатады.

Арал өңіріндегі туындап отырған қазіргі экологиялық апаттар әсерінен оның өсімдіктер және жануарлар әлемі жойылып бітуге жақын. Топырақтың тұздануы өте жылдам жүруде. Топырақтың тұздануы Өзбекстанда – 60%, Қазақстанда – 60-70%-ға артып отыр. Мұның өзі жалпы шаруашылыққа зиян тигізуде. Арал теңізінде тоқтап қалған балық шаруашылығы тек соңғы жылдары ғана қайта қолға алынууда.

Арал өңіріндегі тұрғындардың денсаулығы күрт төмендеп кетті.

Балқаш көлі жартылай тұщы, әлемдегі ірі көлдер ішінде 13 орынды иемденетін. Көлдің ұзындығы 605 км, ені 9 км-ден 74 км-ге дейін, аумағы 16,4 мың км<sup>2</sup>-ге жетеді. Көл шөл және шөлейтті аймақта орналасқандықтан, су айдынының булануы өте жоғары. Сондықтан судың деңгейі тез өзгеріп отырады.

Соңғы жылдары Балқаш көлінің экологиялық жағдайы өзгере бастады. Оған себеп – Қаратал, Ақсу, Лепсі өзендерінің мол суының көлге жетпей, суармалы егістіктерге жұмсалуды. Оның үстіне бұрын Аягөз, Биен, Сарқанд, Басқан өзендері Балқашқа құйып, оның табиғи су деңгейін сақтап отырған. Ал қазір бұл өзендер Балқашқа құйылмайды.

Балқаштың таяздануы әсіресе батыс жағынан жақсы байқалады. Көлдің суы кепкен жерлерінен көтерілген тұзды шаңдар аймақтың климатына әсер етіп, азиялық шаңды дауылдардың пайда болуына әкелуде.

Сарапшылардың айтуы бойынша, Тянь-Шань мұздықтарынан келетін сулардың мөлшері көбейгенімен, суды осылай көп жұмсау Балқашқа келіп құйылатын су мөлшерінің азаюына, ал өз кезегінде Балқаш көлінің екі бөлікке бөлініп, келешекте шығыс бөлігінің кебуіне алып келеді.

Каспий теңізі – Жер бетіндегі ең ірі көл. Еуропа мен Азия шекараларында теңіз бетінен 28 метр төмен орналасқан. Оның көлемі – 371 мың км<sup>2</sup>. Ғылыми деректер бойынша, соңғы 3 мың жылда су деңгейінің өзгеру амплитудасы 15 метрді құраған. Каспий теңізінің бірде көтеріліп, бірде төмендеуі жердің табиғи-тарихи эволюциясына байланысты. Оның себептері ауа райының құбылысымен және антропогендік факторлармен түсіндіруге болады.

Каспий теңізінің экологиялық мәселесі құрлық шельфінде мұнай өндіру мен тасымалдауға, Еділ және басқа да өзендерден ластаушы заттардың келіп түсуі, теңіз жағасындағы қалаларға және теңіз суының көтерілуімен кейбір нысандардың су астында қалуына байланысты. Соңғы жылдары Каспий теңізінің экологиялық жағдайы су деңгейінің көтерілуімен, мұнай өнімдерін көптеп өндіру арқылы теңіздің ластануымен байланысты.

Каспий теңізінің көтерілуі оның маңындағы мемлекеттерге көптеген мәселелер туғызып отыр. Біріншіден, су деңгейінің көтерілуі теңіз жағалауындағы табиғи жайлымдардың көлемін тарылтып, құстар мен жануарлардың мекенін басып қалады. Суға тосқауыл үшін соғылған бөгеттер

жағалаудың фаунасы мен флорасына зор шығын келтірді. Балықтардың уылдырық шашу аясы мен құстардың ұя салу тығыздығы кеміп, биотірліктің азайып кету мәселесін туғызып отыр.

Каспий мәселесі БҰҰ деңгейінде көтерілуде.

Республика жерінде соғыс полигондары болған аумақтар 30 млн гектардан асады. Мұндағы соғыс техникасының қалдықтары, ракета сынықтары, бақылау нысандары ешбір көмусіз шашылып жатыр. Олар негізінен Семей, Нарын, Азғыр, Тайсойған, Сарышаған сынақ полигондары, Байқоңыр сынақ полигоны және космодромы. Шығыс Қазақстанның 19 млн.гектар жері 40 жыл бойы ядролық сынақтың полигоны болды. 1949-1989 жылдарының аралығында мұнда атмосферада – 27, жер бетінде – 183, қалған ядролық сынақтарды жер астында өткізді.

Семей ядролық полигоны – КСРО ядролық сынақ полигондарының ішіндегі алғашқы және аса ірі стратегиялық нысан. Қазіргі таңда бұрынғы Семей полигонына жақын аудандарда (72 мың халқы бар 85 елді мекен) халық арасындағы өлімнің және онкологиялық аурулардың, жаңа туған нәрестелердегі қан айналу жүйесінің аурулары мен жүрек ауруларының жоғары деңгейі байқалады. Семей ядролық полигоны 1991 жылы 29 тамыз Қазақстан Республикасы үкіметінің №409 бұйрығы шешімімен жабылды.

Ал енді Байқоңыр сынақ полигоны мен космодромына тоқталайық. Байқоңыр комодромы алғашқы және әлемдегі ең үлкен, халықаралық маңызы зор ғарыш айлағы 6 717 км аумақты алып жатыр. Космодромнан әртүрлі типтегі ракеталар мен тасымалдаушылар ұшырылады.

Түрлі сынақтардың әсерінен қазақ жерінде жасанды аяздар мен радиоактивті жауындар тиылмай, флора мен фауна өкілдеріне орны толмастай зиян келуде. Мұның соңы Қазақстандағы жыл сайын жүрек-қан тамырлары ауруларынан ғана 80 000 адамның өліміне әкелсе, ал сүйек-кемік, буын ауруларымен 1,5 миллион адам зардап шегуде. Қазақстанда деградацияға ұшыраған жер көлемі 179 млн/ға немесе



територияның 66%-ын құрайды. Егістік жерлер топырағының құнарсыздануы, жайылымдардың деградацияға ұшырауы және жем-шөп жинайтын аумақтардың қысқаруы, топырақ пен судың химиялық және радиациялық ластануы табиғи жер-суларының жағдайын нашарлатып, ауыл шаруашылығы өнімдерінің төмендеуіне алып келуде. Сондықтан мемлекеттің алдында жерлердің одан ары деградацияға ұшырауын тоқтатудың шаралары жасалып, жер және су ресурстарын тиімді пайдалану мәселелері болып тұр.

Мемлекеттің экологиялық қауіпсіздігі үшін табиғи және техногенді сипатты төтенше жағдайлардың пайда болуы қауіпті болып саналады. Қоршаған орта мен адам денсаулығына келетін қауіп – жер сілкіну, сел, қар көшкіні, тасқын су, өрт, қауіпті өнеркәсіп объектілеріндегі апаттар нәтижесінде болуы мүмкін.

Қазіргі таңда негізгі ғаламдық экологиялық мәселелердің бірі – табиғат байлықтарын үнемді пайдалану мәселелері болып отыр. Өйткені біз қоршаған ортамен үнемі байланысты болып, табиғатқа әсер етіп отырмыз. Адамзат қоршаған ортаға антропогендік өзгерістер әкеліп, одан көптеп пайда көріп отыр: ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп дамуда, қалалар салынып, ландшафтар көркейіп жатыр.

Соңғы жылдары эколог-болжаушылардың арасында XX ғасырдың 20-шы жылдарында қоршаған ортаға байланысты қолданылған мониторинг ұғымы кең таралған. Экологиялық мониторинг – антропогендік факторлар әсерінен қоршаған орта жағдайының, биосфера компоненттерінің өзгеруін бақылау, баға беру және болжау жүйесі.

Жоғарыда аталған Қазақстан табиғаты экологиялық қасиеттерінің әдетте көп түрі біріге отырып орын алады. Табиғи экологиялық факторларды оқып білудің негізгі мақсаты – геожүйенің экологиялық бұзылуының теріс процестерін болжау, алдын алу және оны болғызбау мақсатымен оларды жанжақты ескеру.

Қазақстанда экологиялық мәселелерді шешуде қоғамдық ұйымдардың рөлі артып келеді. Қазір 300-ден астам мемлекеттік емес ұйымдар жұмыс істейді. Қазақстан әзірге бұқара көпшілікті

ақпаратқа қол жеткізуі туралы Орхус конвенциясына қол қойған Орталық Азиядағы бірден-бір мемлекет.

## **СҚО-нің экологиялық мәселелері**

Солтүстік Қазақстан облысының аумағының экологиялық жағдайы табиғат ортасының (табиғат ландшафты, табиғат жүйесі, экологиялық жүйе) біршама өзгеруімен сипатталды. Облыстың өте маңызды экологиялық мәселелеріне атмосфералық ауаның ластануы жатады. Ауадағы лас адам денсаулығына ғана емес, сонымен бірге өсімдік, жануарларға да зияннын тигізді. Ауаның ластануы негізінен өнеркәсіп және энергетикалық кәсіпорындардан келеді. Топырақтың ластануы бірнеше жағдайда болады: ауа арқылы, өнеркәсіптік қатты және сұйық зат қалдықтары мен қоқыстарынан, көліктен болады.

Облыста атмосфераны ластайтын 500-ден астам кәсіпорын мен ұйым орналасқан. Облыс аумағында уақыт бойы 3 уран өндіретін кәсіпорын және геологиялық-барлау экспедициясы жұмыс істейді. Бұдан басқа жалпы аудандарда 100 га болатын көлемі 1,4 млн.т жиынтық белсенділігі 370,2 кюри болатын радиоактивті өндірістік тау-жыныстарының 8 кен орны көмілген бойы жатыр. Топырақтың ластануы негізінен жыртылған жерлерге тынайтқыштар, пестицидтер т.б. агрохимпрепараттардың топыраққа енгізілу технологиясын дұрыс сақтамауынан болып отыр. Аумақтың жыртылғандығының көрсеткіш дәрежесіне қарай ландшафтық антропогендік әсерін білуге болады.

Ауаны ластайтын тұрақты және жылжымалы көздерден басқа өндірістік кәсіпорындардың қалдықтары. Олардың ең ірісі «СолҚазЭнерго Петропавл» ЖШС шығарылған қалдықтардың физика-химиялық құрамы бойынша тонкодисперстік және аз байланысқан қауіпті материал болып табылады. Құрамы бойынша олар шаңдық бөлшектермен берілген. Ауаның құрамын бақылау үшін оның сапасын өз деңгейінде ұстауға санитарлық талаптарға сай жағдай жасау керек. Ауаның ластануын бақылауды меңгеруде 7 компонентті анықтау керек:

шан, күккірт иоксиді, көмірқышқылы, азот диоксиді, фенол, формальдегид.

Солтүстік Қазақстан облысының ауадағы зиянды заттардың қалдығының химиялық құрамын меңгеру тек Петропавл қаласының аумағында ғана жүргізіледі. Қалдықтар арқылы қышқыл, негізгі тұздық құрамын құрайтын компоненттер, иондар мөлшері мен электр өткізгіштігі анықталады.

Қазіргі уақытта қатты тұрмыстық өндірістік қалдықтар көлемінің өсімі байқалады, бұл өндірістің кеңеюін, жаңа технологияның әзірленуі, қала тұрғындары санының өсуі және тауарды пайдалану саласындағы өзгерістер, қалдықтар құрылымын өзгерту арқылы қаптау материалдарының өсуі зор сипат алып отыр.

Өндірістік қалдықтар санына кіретіндер:

- «СолҚазЭнерго Петропавл» ЖШС зиянды қалдықтары, жинақталу көлемі 01.01.08ж. 37,483 млн. тоннаны құрады, осыған орай оларды орналастыру үшін жаңа алаңдар қажет;

- Петропавл қаласының кәсіпорындарында жиналған қалдықтар технологиялық үрдістерде (гальваношламдар, тазалау құрылғыларының желісіндегі қалдықтар) кәсіпорынның өндірістік алаңына қойылған қалдық жинау ыдыстары мен арнайы резервуарларда орналастырылған;

- өндірістік қалдықтарды механикалық сұрыптаудан кейін пайда болған материалдар (абразивті және металл шаңы, пластмасса қалдықтары, шыны, полиэтиленді пленка), қатты тұрмыстық қалдықтар полигонына және аудандық қоқыстарға шығарылады. Жиналған қалдықтардың көлемі жылына 10 - 20 мың тоннаны құрайды. Көше-жол желісінің негізгі кемшілігі – аббаттандыру элементерінің болмауында.

Бар мәселелерге қарамастан, соңғы жылдары қоршаған ортаны қалдықтармен ластанудан тазартудың оңтайлы тенденциялары байқалады. Петропавл қаласының ҚТҚ полигонына экологиялық қауіпті қалдықтардың түсуі қатты бақылауға алынды, қалалық полигонның жағдайына ерекше көңіл бөлінеді, қала аумағынан қалдықтарды жинауға және

шығаруға арналған арнайы техникалар паркі біртіндеп жаңартылып келеді. Қазіргі уақытта коммуналдық қалдықтарды бөлек жинау мен сұрыптаудың ілгері технологиясы енгізіле бастады, бұл әр түрлі зиянды заттардың азаюына және полигонды қолдану мерзімін ұлғайтуға септігін тигізеді .

Солтүстік Қазақстанда осы өңірдің ғана емес, тұтастай мемлекеттің байлығы болып табылатынның бәрін адамның ойланбастан қол сұғуынан қорғау керек. Басқару органдарының және ғылыми орталықтардың қызметкерлері қойып отырған мақсат осындай. Сондықтан қорғауға алынған табиғи аумақтарда оңтайлы жағдай туғызу ұдайы назарда. Бұл өзі оңай жұмыс емес. Қазіргі таңда өңірде бір табиғи саяжай, алты қорық және республикалық маңызы бар 12 ескерткіш бар.

Табиғат қорының жекелеген түрлерін қорғаудың негізгі нышаны – қорықтар. Облыс аумағындағы олардың саны – алтау. Оның төртеуінің республикалық маңызы бар.

240 мың гектар жерді алып жатқан Смирново зоологиялық қорығы 1967 жылы Аққайың, Қызылжар және Есіл аудандарында құрылған.

134,1 мың гектар жерді алып жатқан Согрово зоологиялық қорығы Қызылжар ауданында орналасқан. Смирново қорығымен бірге құрылған.

52,4 мың гектар жерді алып жатқан Мамлютка зоологиялық қорығы Мамлют пен Қызылжар аудандарында орналасады, ол да 1967 жылы құрылған.

Қазақстан үкіметінің қаулысымен олар мерзімсіздер санатына қосылған. Осынау табиғи аумақтар әрқайсысының алаңының 57-72 пайызын ормандар алып жатыр. Сондықтан олар ормандағы аңдар қорғау нысандары болып отыр. Бұлан, елік, қабан, түлкі, ақ қоян, құр және сирек кездесетін Оңтүстік Оралдың бұлғыны солардың қатарында. Сондай-ақ қорықтағы көлдерде ұя салатын құстарды аулауға тыйым салынған. 2001 жылы құрылған Орлиногор қорығы ботаникалық тұрғыдан сипатталады.

Ол Айыртау ауданында орналасқан, аумағы – 3,45 мың гектар. Оның басты мақсаты – өсімдіктерді қорғау және оларды өсіру.

Тимирязев ауданына орналасқан Ақжан (26 мың гектар), Ақсуат (10 мың гектар) облыстық маңызы бар қорықтары табиғат қорғауда белгілі бір рөл атқарады. Олардағы қорғау нысандары – дала суыры және көптеген құстар: аққулар, тырналар, қаздар, үйректер, балшықшылар, т.б.

Бұған қоса облыс аумағында ондаған қорғау аймақтары, шағын қорықтар және табиғат ескерткіштері бар. Бұл нысандарды геолого-геоморфологиялық, гидрологиялық, ботаникалық және басқа топтарға біріктіруге болады. Үкіметіміздің 2001 жылғы қаулысымен заңдастырылған республикалық маңызы бар 12 табиғи ескерткіш баршаны қызықтырады. Табиғи ескерткіштердің бәрі де жарастастарға жатады. Қарағайлы ормандар өскен ғылыми, мәдени-ағарту және эстетикалық мақсат үшін сақтау – адамдардың маңызды міндеті. Оларда шаруашылық жүргізуге шектеу қойылған: орман қорғауға және өртке қарсы шараларға рұқсат етілген.

Республикалық және жергілікті маңызы бар табиғи аумақтардың бүкіл желісі 500 мың гектардан аспайды, мұның өзі оның жалпы алаңының бір пайызын ғана құрайды. Өсімдіктер мен жануарлар әлемі жақсы дамыған. Өңірге бұл аз көрсеткіш, сондықтан басқа аумақтарда қорғалуға тиіс. Әсіресе, 142 мың гектар Есіл, 124 мың гектар Жаңажол, 74 мың гектар Жалтыр-Жарқын, 61 мың гектар Буденовка, 27 мың гектар Камышлово учаскелері табиғат қорғау тұрғысынан алғанда болашағы зор.

Минералдық-шикізат қорларының көбі жердің бетіне, халық жиі қоныстанған өңірлерге, автомобиль және темір жолдарға жақын орналасқандықтан, оларды игеру қиындық туғызбайды. Пайдалы қазбаларды табу, өңдеу және пайдалану өңір экономикасына аса маңызды саласын дамытуға ықпал жасайтын болады. Минералдық-шикізат қорларын өндіру – пайдалы және болашағы зор іс; ол ірі инвесторларды да, шағын

және орта бизнес өкілдерін де қызықтыратын сала бола алады және болуға тиіс.

Облыстың Петропавл қаласы сияқты табиғи және антропогендік сипаттағы аумақтар мен нысандар аз емес. Ғалымдар оларды келесі бес топқа бөлді: табиғи, табиғи-техникалық, сәулеттік, тарихи және археологиялық. Бұл нысандар мен аумақтар әзірше пайдаланылмаса да, олардың бәрі экскурсиялық-туристік индустрияның арнасына түседі деген сенім зор.

## **Қазақстан және СҚО-ның экология бойынша әдебиеттер тізімі**

### **Кітаптар:**

Абекова Р.С. Орта мектеп химиясын оқытуда экологиялық мазмұнды есептер арқылы оқушылардың экологиялық білімі мен тәрбиесін қалыптастыру: Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты / Абекова Р.С. - Алматы, 2004. - 32 с.

Айналадағы әлеммен танысу, экология : Балабақшаның ересектер тобы балаларына арналған / В. Д. Рахимбекова, В. М. Чубко, А. Ө. Сәрсенбаева. - Алматы : Алматыкітап, 2006. - 28 б. : сур

Айналадағы әлеммен танысу, экология: N1 жұмыс дәптері Балабақшаның ересектер тобы балаларына арналған / В. Д. Рахимбекова, В. М. Чубко, А. Ө. Сәрсенбаева. - Алматы : Алматыкітап, 2006. - 28 б. : сур.

Ақбасова А. Экология: Жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы / А. Ақбасова, Г. Ә. Саинова. - Алматы : Бастау, 2003. - 292 б.

Ақбасова А. Экологиялық энциклопедия / Ақбасова А. - Алматы, 2007. - 303 б.

Асқарова Ұ.Б. Экология және қоршаған ортаны қорғау : Оқу құралы / Асқарова Ұ.Б. - Алматы : Заң әдебиеті, 2008. - 90 б.

Баешов А. Экология және таза су проблемалары: Оқулық / А. Баешов. - Алматы: Дәнекер, 2003. - 224 б.

Байділдинов Д.Л. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы: Оқу құралы / Байділдинов Д.Л. - Алматы: Интерлигал, 2005. - 396 б.

Бектемісова А.Ө. Дүниетануды оқыту теориясы мен технологиясынан дәрістер курсы : "БОПӨ" мамандығының студенттеріне арналған оқу-әдістемелік құралы / Бектемісова А.Ө. - Петропавл : М.Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2011. - 97 б.

Беркімбаев К.М. Болашақ экология мамандарын кәсіби даярлаудағы информатикалық пәндерді оқыту үдерісінің педагогикалық жүйесі : Педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты / Беркімбаев К.М. - Түркістан, 2006. - 32 с.

Гаценко Н., Касимова Б., Абдиева Қ. Энергетика саласындағы экологиялық-экономикалық аспектілер/ Гаценко Н., Касимова Б., Абдиева Қ. - Астана. – 200 б.

Т.3. - 82 с.

Даутова З.С. Органикалық химия курсын оқыту үрдісінде студенттерге экологиялық білім берудің әдістемелік ерекшеліктері : Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты / Даутова З.С.- Алматы, 2008. - 32 б.

География және экология кафедрасының мамандықтарының студенттеріне арналған курстық және рәсімдеу бойынша әдістемелік нұсқаулар / құраст. П. Дмитриев . - Петропавл, 2012. - 80 б.

Дәрібаев Ж. Экология : оқулық / Дәрібаев Ж. - Астана : Дәнекер, 2005. - 297 б.

Ерженбайқызы М.А. Экологиялық тәрбиені сабақтастықта жүргізудің педагогикалық негіздері : Педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты / Ерженбайқызы М.А. - Алматы, 2005. - 32 с.

Жакупова А. Экологиялық интернет: Оқу-әдістемелік құралы / Жакупова А. - Алматы : Қазақ университеті, 2006. - 88 б.

Жакупова А. Қазақстанның аймақтық геоэкологиясы: Оқу құралы / Жакупова А. - Алматы: Қазақ университеті, 2007. - 202 б.

Жамалбеков Е. Топырақтану және топырақ географиясы мен экологиясы: Оқулық / Жамалбеков Е. - Алматы : Қазақ университеті, 2006. - 246 б.: сур.

Жангельдина Д.И. Оқушыларға экологиялық тәрбие беру/ 4-5 класс табиғаттану курсы материалдары бойынша/: Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты / Жангельдина Д.И. - : Алматы, 1995. - 32 с

Жатқанбаев Ж.Ж. Экология негіздері: Оқулық / Ж. Ж. Жатқанбаев. - Алматы : Зият, 2003. - 212 б.

Жатқанбаев Ж.Ж. Экология терминдерінің түсіндірме сөздігі / Ж. Ж. Жатқанбаев. - Алматы: Зият Пресс, 2004. - 184 б.



Жатқанбаев Ж. Экология терминдерінің түсіндірме сөздігі / Жатқанбаев Ж. - Алматы, 2000. - 180 б.

Жақсыбекова Ф.С. Өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне қол салатын экологиялық қылмыстардың криминологиялық проблемалары : Заң ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты / Жақсыбекова Ф.С. - Астана, 2008. - 32 с .

Куанышева Ж.Қ. Химиядан сыныптан тыс жұмыстар арқылы мектеп оқушыларының экологиялық білімі мен біліктілігін қалыптастыру әдістемесі : Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты / Куанышева Ж.Қ. - Алматы, 2007. - 32 с.

Кубенова З.П. Ересек мектеп жасына дейінгі балаларда ағзалардың мекен ету ортасына бейімделуі туралы экологиялық түсініктерін қалыптастыру ерекшеліктері : оқу-әдістемелік құрал 050101 " Мектепке дейінгі оқыту және тәрбие" / З. П. Кубенова, Л. Ф. Милькова, О. М. Барановская. - Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2007. - 17 б.

Кәрімов Ә.Н. Химиялық экология практикумы: оқу құралы / Ә. Н. Кәрімов. - Алматы : Қазақ университеті, 2012. - 168 б.

Көгісов С.М. Химиядан сабақтан тыс жұмыстар арқылы экологиялық білім мен тәрбие берудің әдістемесі : Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты / Көгісов С.М. - Алматы, 2005. - 28 с.

Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Экология және табиғат қорғау : 4000-ға жуық термин / ред. Ұ. Бастерова. - Алматы : Мектеп, 2002. - 392 б.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі. - Алматы : Юрист, 2007. - 164 б.

Қазақстанның қызыл кітабы. Красная книга Казахстана. - Алматы : Өнер. - 2006

Т.1.Жануарлар.Животные.-2-ші бөлім.Омыртқасыздар / ред. И. Митяев. - 3-ші басылым,қайта өңделген және толық. - 232 б. : сур.

Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік : 5000-ға жуық термин . - Алматы : Рауан. - 2000

Т.18: Экология: 5000-ға жуық термин / А. Қ. Құсайынов. - 2000. - 296 б.

Қанаев Ә.Т. Экология: Оқу құралы / Қанаев Ә.Т. - Алматы: Қазақ университеті, 2008. - 136 б.

Қилыбаева Б.Қ. Қазақстанның экологиялық дағдарыс аймақтарындағы мәдени процесс: Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты / Қилыбаева Б.Қ. - Алматы, 1996. - 32 с.

Қуатбаев А.Т. Жалпы экология: / оқулық. - Алматы: Дәуір, 2012. - 376 б.-(Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ).

Қуатбаев А.Т. Экология пәнінен практикум : Оқу құралы / Қуатбаев А.Т. - Алматы, 2006. - 172 б.

Құрманбаева А. Қазақ баспасөзіндегі Арал және Семей экопроблемалары: Оқу құралы / Құрманбаева А. - Алматы: Қазақ университеті, 2004. - 160 б.

Мотузова Г.В. Топырақтың экологиялық мониторингі :

Оқулық / Г. В. Мотузова , О. С. Безуглова - Алматы : Экономика, 2013. - 252 б.

Нұрғызарынов А. Аралдың экологиялық тынысы / Нұрғызарынов А. - Алматы : Ғылым, 2006. - 226 б.

Пехов А.П. Биология экология негіздерімен : Оқулық / А. П. Пехов. - Алматы: Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2012. - 758 б. - (ҚР жоғары оқу орындарының қауымдастығы).

Үпішев Е.М. Табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау : Оқулық / Үпішев Е.М. - Алматы : Экономика, 2006. - 480 б.

Чубко В. Айналадағы әлеммен танысу, экология : Әдістемелік құрал /Чубко В. - Алматы: Алматы кітап, 2006. - 176 б.

Шілдебаев Ж. Экология : жалпы білім беретін мектептің 9-сынып мұғалімдеріне арналған құрал / Шілдебаев Ж. - Алматы Мектеп, 2005. - 128 б.

Экология: Оқу құралы / Иштаева Ф.Қ. - Астана: Фолиант, 2011. - 160 б. - (Кәсіптік білім).

Экология және тұрақты даму : оқулық / М. Тонкопий др.]. - Астана, 2011. - 312 б. - (Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі ).

Экология және тұрақты даму пәнінің сарамандық жұмыстары: оқу құралы /құраст. З. С. Искендірова. - Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2011. - 105 б.

Экология, қоршаған ортаны қорғау салалары қызметкерлеріне арналған орысша - қазақша тілашар: Әзір. Қ.Тілешова. - Астана, 2009. - 240 б.

## Мақалалар:

- Амандосова Р. Экология және тұрақты даму концепциясының қалыптасу мәселелері // География және табиғат. – 2013. - №1.-б.13-15.
- Абдукаримова Ж. Экологиялық қауіпсіздік нормаларының экологиялық құқық жүйесіндегі орны // Әділ сот. - 2009. - №4.- б.16-17.
- Аманжол Н. Каспий екінші аралға айналып барады: экология // Айқын апта. - 2008. - 4 желтоқсан.
- Аралдың кебуіне себеп не?: экология // Заң газеті. - 2007. - 5 қантар.
- Арзыбетова Ш. Оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру // Бастауыш мектеп. - 2007. -№8-9. -б.18-20.
- Адам дамуы және су: тұрақты даму // Дүние. - 2004. - №3-4.- б.2-4.-№6.- б.6-11.
- Алипова А. Қоршаған ортаны қорғау: экология // Республика ұстаздары. - 2005. - 15 сәуір.
- Ақпанбетова К. Кіші өзендердің экологиялық-геоморфологиялық мәселелері // География және табиғат. - 2012.- №4.-б.17-21.
- Ахан Б. Топырақ экологиясының бұзылу салдары // Хабаршы.-2005. - №2. - б.38-40.
- Атоллаұлы Д. Экологиялық сараптау-қоршаған ортаға қызмет: Табиғат қорғау // Дүние. - 2004. - № 2.- б.6-8.

- Әшімова Г. Қоршаған ортаны қорғау // Қазақ тарихы ғылыми-әдістемелік журнал. - 2013. - №2.-б.19-21.
- Әшімова Г. Қазақстандағы экологиялық мәселелер: тарихи талдау // Ақиқат. - 2009. - №7.-б.128-131.
- Әшімов Н. Экологиялық қауіпсіздік-басты назарымызда [// Атамекен. - 2011. - 22 наурыз.
- . Әшімов Н. Экологиялық қауіпсіздік-ел құндылығы // Егемен Қазақстан. - 2011. - 18 ақпан.
- Әшімова Г. Қазақстандағы әлеуметтік-экологиялық саясат: (тарихи,өзекті мәселелері) // Қазақстан тарихы ғылыми әдістемелік журнал. - 2009.-№ 1.-б.8.
- Әбішева Т. Экологиялық білім мен тәрбие беру әдістемесі // Химия мектепте. - 2013. - №1.-б.26-29.
- Әбділда Ж. Сонымен Каспий экологиясы қандай жағдайда?: Каспий экологиясының мәселесі // Жас алаш. - 2003 - 25 қыркүйек.
- Байжанов Ж. Орманды қорғау маңызды міндет // Экологический курьер . - 2013. - 16-28 февраля.
- Бақытов Ж. Еліміздегі экологиялық ахуалды сауықтыру үшін не істеу керек?: экология // Арқа ажары. - 2009. - 5 ақпан.
- Бейсенова Ә. География-Экология қоршаған орта // Атамекен. - 2009. - 11 қараша.
- Белгібаев М. Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығы: табиғат // Қазақстан географиясы және экология мектепте және ЖОО-да оқыту. - 2009. - №3.-б.6-8.

- Бисеев А. Іле өзені алабына әсер етуші антропогендік факторлардың геоэкологиялық маңызы // География және табиғат. - 2013. - №2.-б.11-14.
- Бәкірұлы Ұ. Арал аспанындағы атом жарылстары: Арал мәселесі // Егемен Қазақстан. - 2003. - 29 қазан.
- Бейсенова Ә. Экологиялы- апат атом -аруынан да қауіпті: Әлем кеңестігіндегі тіршілік пен адамдардың ара қатынасының бұзылуынан экология проблемалары пайда болды // Ана тілі. - 2003. - 24 шілде.
- Бекнияз Б. Арал теңізінің құрғаған түбінің геоморфологиялық үрдістері // География және табиғат. - 2010. - №7.-б.-13-16.
- Бисариева Ш. Қоршаған ортаны қорғаудағы экологиялық акциялар: табиғат сақшылары // Атамекен. - 2009. - 23 қыркүйек.
- Бұхарбаева Ж. Қазақстандағы биологиялық алуан түрлілікті сақтау мәселелері // Білім ғылыми-педагогикалық журнал. - 2012.- №2.-б.20-24.
- Бақриденов К. Қоршаған орта: экология // Егемен Қазақстан. - 2007. -10 шілде.
- Данышпанов Б. Бағы жанбаған балқаш: қараусыз қалқан техника және шарасыз шаруашылықтар // Жас алаш. - 2004. - 20 сәуір.
- Еділқызы П. Арал-құрлыққа ортақ проблема: мәселе / Еділқызы П. // Егемен Қазақстан. - 2010. - 22 желтоқсан.
- Елеусізов М. Қала экологиясы алаңдатады: Экология //

Дүние. - 2004. -№ 7. -б.6-7.

- Еспенбетова Қ. Жергілікті жердің географиялық және экологиялық жағдайы // География және Табиғат. - 2009. - №2.- б.65-68.

- Есжанов С. Елдің де,жердің де нәрі-су: Экология // Ақиқат. - 2005. -№ 1.- б.12-14.

- Жармедетов Т. Табиғи газға көшіру проблемалары: Атмосфера // Дүние. - 2004. -№5. - б.13.

- Жеткерген Ұ. Арал: кеше,бүгін, ертең: экология // Класс Time. - 2012.- 5 желтоқсан

- Жиенбай Қ. Каспийдің таза сақтау мақсатында: Экология // Дүние. - 2004. -№ 10. - б.15.

- Жылысбаева А., Елеубекова А. Экология және таза су проблемалары // Наука и высшая школа Казахстана. - 2004. - 15 января.

- Жұбатырұлы С. Адамзатты аландатқан арал қалпына келе ме?: экология // Дала мен қала. - 2007. - 21 қыркүйек.

- Жұмабаев С. Ертістің ертеңі не болмақ?: экология // Жас қазақ. - 2007. -7 қыркүйек.

- Жұбатырұлы С. Маңдайыма жазылған - Арал: экология // Қазақ әдебиеті. - 2008. - 8 ақпан

- Захарченко И. Қоршаған ортаның қауіпсіздігі: қашанда қадағалауымыздағы мәселе // Солтүстік Қазақстан. - 2013. - 25 сәуір.

- Ихласов Р. Арал теңізін құтқаруға бола ма?: Арал тағдыры-адам тағдыры // Атамекен. - 2004. - 5 маусым.
- Иманбаева И. Арал қасіреті-әлем қасіреті: мәселе // Дала мен қала. - 2008. - 11 шілде.
- Икрамова А. Қазақстанда экологиялық тәрбие берудің дамуы // Ұлағат. - 2012.- №3.-б.31-37.
- Иркитбаев С. Антропогендік жағдайлардың қоршаған ортаға тигізетін әсері // География. Биология. Экология орта мектепте. - 2012.- №6.-б.7-8.
- Иркитбаев С. Қазақстан таулы аймақтарындағы ландшафтың дамуы // География. Биология. Экология орта мектепте. - 2012.- №5.-б.4-7.
- Қалиев С. "Экологиялық кезең-3"-ке өту [Текст] // Солтүстік Қазақстан. - 2013.- 2 мамыр.
- Кәрменова Н. Табиғат байлықтарын игеру және экологиялық жағдай: География // География және табиғат. - 2011. - №6.-б.5-9.
- Құрманбаева А. Судың сұрауы тақалды. Арал десе, есіме:...Аралға қол салғанын...:экология // Хабаршы журналистика сериясы. - 2012.- №2.-б.106-113.
- Қажыбай Т. Ауыз су арман болып тұр...: Су ресурстары // Дүние. - 2004. - №11. - б.10.
- Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауыпсіздігі тұжырымдамасы: Жалпы ережелер // Дүние. - 2004. - №1. -б.1-16.



- "Қазақстанда экологиялық проблемаларды шешуге болады": Дебат // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. - 2004. - №2. -б.20-24.
- Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан. - 2003. - 10 желтоқсан
- Қонысбекова в Каспий теңізінің ресурсты- және экологиялық жағдайы: географиялы- зерттеу // География және табиғат. - 2008. - №1. - б.6-9.
- Күдеков Т. Елімізді су ресурстарын кім есептемек?: Экология // Қазақ әдебиеті. - 2003. - 14 мамыр.
- Құлахметов Ә. Каспийдің экологиялық ахуалы басты назарда болуы тиіс: Каспийдің экология мәселесі // Атамекен. - 2003. - 10 қазан.
- Құланбай Ә. Арал өңірінің экологиялық проблемасы алаңдатады. // Егемен Қазқстан – 2004.-5 маусым.
- Мамирова К. Қазақстан даумағының антропогендік және экологиялық проблемалары // География және табиғат. - 2013.- №2.-б.18-22.
- Мұхамеджанова А. Каспийдің тағдыры Еділге байланысты: экология // Айқын апта. - 2007. - 15 шілде.
- Мұса Қ. Ауыл шаруашылығының ландшафттарға тигізетін әсері (Қазақстан мысалында) // География. Биология. Экология. - 2011. - №5.-б.2-4.
- Мамырбаева Д. Судың қасиеті мен күдіреті: әлеумет // Жұлдыз. - 2007. -№ 8.- б.150-154.

- Мәженов А. Тіршілік көзі: Су мәселесі // Солтүстік Қазақстан. - 2004. - 12 наурыз.
- Мырзахметов М. Экология-ұлтқа ортақ проблема: мәселе // Егемен Қазақстан. - 2004. - 10 шілде.
- Мұсабаев Н. Арал айдыны: экология // Дала мен қала. - 2013.- 28 қаңтар.
- Москаленко Е. Су-тіршілік тірегі, өмір нәрі: экология сабағы балабақшада // Атамекен. - 2003. - 10 қазан.
- Науанұлы М."Ауыз су"бағдарламасы қалай орындалуда?: Мезгіл мінбері // Дүние. - 2004. - №4. - б.4-5
- Несіпбай А. Балқаштың суы молайды,балығы көбейді: Экология // Егемен Қазақстан. - 2004. - 20 қаңтар.
- Нығметулаев М. Экологиямыз жан шошырлық болып тұр...: Қоршаған орта // Дүние. - 2004. - № .2-б.5.
- Нығметуллаев М. Каспий экологиясын болашақта не күтіп тұр?: Мезгіл мінбері // Дүние. - 2004. -№ 5. - б.18-20.
- Нығметтулаев М. Каспийдің келешегі алаңдатады [Text] : экология / Нығметтулаев М. // Атамекен. - 2010. - 10 қараша.
- Нұрғали А. Қоғамдық бірлестіктердің экологиялық мәселелерді шешуге қатысуының құқықтық реттелуінің кейбір мәселелері: Экологиялық мәселе // Заң және заман. - 2004. - №11.- б.43-45.
- Нұралиева Б. Қазіргі экологиялық проблемалар: және оны шешу жолдары // Қазақ тарихы ғылыми-әдістемелік журнал. - 2011. - №2.- б.44.

- Нысанбаева Ж. Аяласаы- табиғатты аяла: экологиялық тәрбие сағатының үлгісі // География және табиғат. - 2003. - 2. - б.29-33.
- Оразбекұлы Қ. Жайық,сенің тынысың тарылса, қазақтың ырысы -ашпас па екен?: Жайық өзенінің экология мәселесі // Дала мен қала. - 2007. - 25 мамыр.
- Оразалинов Ә. Экологиялық жағдайды жақсарту-баршамызға орта- міндет: Табиғат және адам // Солтүстік Қазақстан. - 2008. - 13 тамыз.
- Омарова Г. Арал,қайдасың?: экология // Түркістан. - 2005. - 10 ақпан.
- Омаров Қ. Қолда бар байлығымызды қадірлей білейік // Солтүстік Қазақстан. - 2013.- 2 мамыр.
- Омарғалиева С. Көлдер экологиясы толғандырады: Қазақстан Республикасының көлдер экологисының апаты // География және табиғат. - 2003. - №4. - б.11-13.
- Пірназар С. Арал апат аймағы мәртебесі әзірге күшінде қалады: Экология // Егемен Қазақстан. - 2004. - 27 ақпан.
- Пірназар С. Көлдерге де көмек керек: мәселе // Егемен Қазақстан. - 2004. - 24 наурыз.
- Разахова С. Экологиялық тәрбие-қоғамдағы басты қозғаушы күші // Химия мектепте. - 2013. - №1.-б.47-51.
- Рзаева Ә. Экологиялық күрес -өмір үшін күрес // Жас қазақ. - 2011. - 26 сәуір.
- Самақова А.Табиғатты аялай білейік: экология // Егемен

Қазақстан. - 2003.- 4 маусым.

- Сағитов С. Жоғары оқу орындарында экологиялық оқу бағдарламасы қандай болуы керек?: Экология және ғылым // Атамекен. - 2003. - 10 қазан.

- Салпынова Қ. Адам экологиясы [Text] // География және табиғат. - 2004. - №6. -б.27-28.

- Сарпеков Р. Экологиялық қауіпсіздік-әлемдік проблема : Экология мәселесі // Дүние. - 2004. - №5. - б.2-4.

- Сапарғазина Е Табиғатты қорғау-болашақты ойлау: экология // Қазақстан географиясы және экология мектепте және ЖОО-да оқыту. - 2008. -№ 1.- б.6-8.

- Сәуірбаев С. Экология сын көтермей тұр // Егемен Қазақстан. - 2008. -16 мамыр.

- Сағымбек А. Аралдың түрлі уайымы бар...: Экология // Дүние. - 2004.- №12. -б.18-19.

- Сағымбек А. "Түсімде арал теңізін көрдім": Экология // Жас алаш. - 2004. - 2 қазан.

- Санабеков Ж. Елімздің экологиялы - проблемалары: экология // Қазақ. - 2008. - 4 сәуір.

- Садық Г. Экологиялық білім мен тәрбие беру үрдісінде жаңа технологияларды пайдалану // География. Биология. Экология орта мектепте. - 2011. - №3.-б.4-6.

- Сейдакова Н.. Қоршаған ортаның экологиялық жағдайының балалар денсаулығына әсері: валеология // Психология өзіндік таным. - 2007. - №3.-б.14-15.

- Слам А. Қазақ халқының экологиялық мәдениеті: зерттеулер // Қазақстан тарихы:әдістемелік журнал. - 2011. - №10.-б.14-20.
- Серікбаева Ж.. Арал теңізі кеше және бүгін: экология // Мектепте және ЖОО-да оқыту. - 2007. -№ 1. б.3-5.
- Суханбердин Х. Біз Аралды құтқарып қала аламыз ба?: Арал тағдыры-адам тағдыры // Атамекен. - 2004. - 24 қараша.
- Суханбердин Х. Табиғат ортаны аялап сақтайық: Табиғат қорғау // Дүние. - 2004. - №11. - б.20-22.
- Суханбердин Х. Арал әлі қанша уақыт аңырай береді?: мәселе // Атамекен. - 2010. - 15 қараша.
- Суханбердин Х. Арал Каспий теңізімен жер астынан жалғасқан ба?: экология // Атамекен. - 2011. - 24 тамыз.
- Сәтімбеков Р. Алакөл мемлекеттік табиғи қорығы-жер жәннаты Жетісудың жерұйығы // Атамекен. - 2011. - 5 желтоқсан.
- Сәтімбеков Р. Батыс Алтай табиғи қорығы-Алтайдың ажарлы аймағы: экология // Атамекен. - 2011. - 25 желтоқсан.
- Суханбердин Х. "Возрождение"аралының құпиясы: Арал тағдыры-адам тағдыры // Қазақстан мұғалімі. - 2004. - 1 қыркүйек.
- Суханбердин Х. Топырақ қабаты неге бұзылып барады?: Проблемалық мақала // Атамекен. - 2004. - 28 шілде.
- Сыбанбай С. 40 градусқа шыдамаймыз, 400 болса, қайтеміз?: Табиғат таным // Жас алаш. - 2004. - 8 қаңтар.

- Сутулова Л. Таза су-денсаулық кепілі: ауыз судың тазалық дәрежесі адамдардың денсаулығына тікелей әсер етеді // Солтүстік Қазақстан. - 2003. - 4 шілде.
- Танатарова П. Экологиялық білім мен тәрбие берудің өзектілігі // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. - 2008. - №2. - б.6-10.
- Тажутов А. Сусыз өмір өмір ме?: Мәселе // Түркістан. - 2004. - 26 тамыз.
- Тәткеев Т. Экологиялық зардап туындататын аурулар жайлы // Денсаулық. - 2013.- №4.-б.10-11.
- Тобажанов Ғ. Сыр өңіріндегі экологиялық ахуал прокуратура назарында // Заң және заман. – 2013.- №1.-б.21-22.
- Тобажанов Ғ. Қоршаған ортаны қорғау үлкен міндет: экология // Құқықтық Қазақстан. - 2013.- 27 ақпан.
- Тоқпанова Б.Экологиялық білім мен тәрбие // Солтүстік Қазақстан. - 2013.- 25 сәуір.
- Тұрабеков А. Топырақ экологиясының өзекті мәселелері // Атамекен. - 2010. - 26 қараша.
- Тұрсынов А. "Олар Арал үшін алысты"// Егемен Қазақстан. - 2013. 24 сәуір.
- Тұрлықанов Қ. Семей полигонының 30 пайызы ғана зерттелді]: Халықтың экологиялық қауіпсіздігі қашан қамтамасыз етіледі? // Жас алаш. - 2004. -19 қазан.
- Тұрғанбаева О. Оқушыларға экологиялық білім беру тәсілдері: Экология // География және табиғат. - 2007. - №5.-

6.15-17.

- Тұрғынбаева О. Экологиялық мәдениет және интерактивті әрекет // Қазақстан мектебі. - 2009. - №7.- б.40-43.
- Тыныбаева Г. Экологиялық тәрбие беру // Қазақстан мұғалімі. - 2008. - 11 қараша.
- Хисым Ұ. Экологиялық тәрбие // Қазақстан географиясы және экология мектепте және ЖОО-да оқыту. - 2004. - №5.-б.3.
- Хамитқызы М. Топырақты мұнай қалдықтарынан тазарту // География. Биология. Экология. - 2012.- №2.-б.5-6.
- Шілдебаев Ж.. Қызықты экология: Оқу құралы // Атамекен. - 2004. - 10 желтоқсан.
- Шәмші Ж. Арал құрып барады жағасынан // Мәдениет. - 2012. - №11.-б.22-25.
- Шілдебаев Ж. Қызықты экология: Оқу құралы // Атамекен. - 2004. -24 қараша.
- Шілдебаев Ж. Экологиялық білім қалыптастырудың пәндік жүйесі: Оқу және әшрбие мәселелері // Бастауыш мектеп. - 2004. -№ 4. -б.17-21.
- Шәнтемірқызы Г. Каспий теңізі: үміт пен күдік // Егемен Қазақстан. - 2013. -30 мамыр.
- Шайынказы С. Қоршаған ортаны қорғауға - айрықша назар: экология // Егемен Қазақстан. - 2007.- 2 қараша.
- Шалабаева Б. Оқушыларға сыныптан тыс жұмыстар арқылы экологиялық тәрбие беру // Бастауыш мектеп. - 2007. -

№12.- б.22-24.

- Шарахымбай Б. Қоршаған ортаның экологиялық динамикасы. ушығып тұр: ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрі Н.Ысқақов пен сұхбат // Қазақ әдебиеті. - 2007.- 22 маусым.

- Шілдебаев Ж. Экологиялық білім берудің қосалқы әдістері мен түрлері // География және Табиғт. - 2008.- №2. - б.23-26.

- Экология мәселелері-Елбасы назарында // Атамекен. - 2009. - 2 желтоқсан.



## **К читателям**

Предлагаемый вашему вниманию рекомендательный указатель посвящен актуальной проблеме сегодняшнего дня - экологическим проблемам в Республике Казахстан и Северо-Казахстанской области

В указателе представлен краткий обзор современной экологической обстановки в республике и области и список литературы за последние 10 лет, имеющих в фонде научной библиотеки СКГУ им. М. Козыбаева.

Пособие предназначено для преподавателей, студентов, а также для широкого круга читателей.

## Экологические проблемы Казахстана

«Во главу угла необходимо поставить задачу предотвращения необратимого ущерба окружающей среде с тем, чтобы сохранить для наших потомков необходимые жизненные ресурсы».

Н.Назарбаев

(речь на пленарном заседании Всемирного Саммита по устойчивому развитию)

На пороге нового тысячелетия человечество, подводя итог прошлому и глядя в будущее, признавая достижения цивилизации, не может не осознавать глобальность экологических проблем и не планировать свою деятельность с учетом необходимости их решения и продвижения по пути устойчивого развития.

Испытания ядерного оружия, проводившиеся в течение 40 лет на Семипалатинском испытательном ядерном полигоне, причинили невосполнимый ущерб здоровью людей и окружающей природной среде, вызвали рост общей заболеваемости и смертности населения. Вся территория Семипалатинской и прилегающие к полигону районы Павлодарской, Восточно-Казахстанской и Карагандинской областей признаны зоной экологического бедствия.

Недаром 29 августа 2012 года на международной конференции «От запрета ядерных испытаний к миру, свободному от ядерного оружия» Президент страны объявил о проекте «АТОМ» - международной кампании, призванной добиться окончательного запрета испытаний ядерного оружия. В рамках проекта любой человек на земле сможет подписаться под онлайн-петицией к правительствам мира с призывом навсегда отказаться от ядерных испытаний и добиться скорейшего вступления в силу договора о всеобъемлющем запрете ядерных испытаний. Проект АТОМ - это международная кампания по обеспечению населения доступной информацией об угрозах и

последствиях испытаний ядерного оружия и реализуется «Назарбаев центром».

